

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 170 (9232) | 1953 жылғы 25 август Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыбын.

Совет Үкметі мен Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясы арасындағы келіссөздер туралы СОВЕТ-ГЕРМАН МАЗМҰНДАМАСЫ

20—22 августа Москвада Совет Үкметі мен Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясы арасында келіссөздер жүргізілді.

Келіссөздерге совет жағынан: ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, ССРП Орталық Комитетінің Секретары Н. С. Хрущев, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Л. М. Каганович, ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және Ішкі және Сыртқы сауда Министрі А. И. Микоян, ССРО Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі М. З. Сабуров, ССРО Финанс Министрі А. Г. Зверев, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары елші В. С. Семенов қатысты.

Келіссөздерге Герман Демократиялық Республикасы жағынан: Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі Отто Гротеволь, Премьер-Министрдің Орынбасары Вальтер Ульбрихт, Премьер-Министрдің Орынбасары Отто Нухке, Премьер-Министрдің Орынбасары және Құрылыс Министрі доктор Лотар Бюльц, Премьер-Министрдің Орынбасары және Финанс Министрі доктор Ганс Лох, Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Ганс Рейхельт, Ішкі және сыртқы Герман сауда министрі Курт Грегор, Металлургия және жан-руда өнеркәсіп министрі Фриц Зельбманн, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председателі Бруно Лейшнер, ГДР-дің Москвадағы Дипломатиялық Миссиясының Басшысы Елші Рудольф Анпельт, ерікті неміс кәсіподақтары Бірлестігінің Председателі Герберт Варнке, демократиялық Германияның Ұлттық Майданы Ұлттық Советінің Председателі профессор Э. Көрренс, ерікті неміс жастары Одағының Орталық Советінің Председателі Эрих Хонекер, Германияның демократияшыл әйелдері Одағының Әкілі Ильза Тиле, ГДР Сыртқы Істер Министрігінің қызметкері Петер Флорин қатысты.

Келіссөздердің барысында Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы қатынасты дамытуға қатысты бар маңызды мәселелер, сол сияқты, бүкіл герман проблемасына қатысты бар пісуі жеткен мәселелер талқыланды.

Келіссөздер достық пен өзара ұғынысқандық және шын ниеттілік жағдайда өтті.

Еуропада соғыстың аяқталғанынан 8 жыл өткеннен кейін де Германия бітім договорына ие бола алмай, Батыс және Шығыс бөлектерге бөлініп, басқа мемлекеттермен салыстырғанда тең правосыз болып отырған қолайсыз жағдай жойылу-

тінің мәлімдемесін Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясы қанағаттанғандықпен риза болып қабылдады.

Келіссөздердің барысында екі жақ, Герман Демократиялық Республикасының халық шаруашылығын жана әрі өркендетуге және оның халқының әл-ауқатын арттыруға көмектесуді көздейтін бірлесуіне саяси және экономикалық шараларды жүргізу жөнінде келісті. Мұндай келісімде, Герман Демократиялық Республикасының өткен жылдар ішінде өзінің Совет Одағы алдындағы міндеттемелерін адал орындап келгені және немістердің демократияшыл күштерінің қажырлылығы арқасында Герман Демократиялық Республикасы Еуропадағы бейбітшілік жолындағы күрестің маңызды факторы болып отырғаны ескерілді.

Совет Үкметінің қарары бойынша:

Герман Демократиялық Республикасына соғыс шығындарын төлеттіріп алу 1954 жылғы 1 январьдан бастап тоқтатылады;

Германиядағы совет кәсіпорындары ГДР-дің меншігіне тегін беріледі;

ГДР территориясында совет әскерлерінің тұруына байланысты ГДР-дің шығындарының мөлшері Герман Демократиялық Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің 5 процентінен аспайтын сомаға түсіріліп, азайтылады;

ГДР 1945 жылдан бері болып келген сыртқы оккупациялық шығындардың борышын төлеуден босатылады;

Германия Совет Одағына соғыстан кейінгі мемлекеттік борыштарды төлеуден босатылады.

Екі жақ өздерінің бұған байланысты келіссөздерінің аяғында протоколға қол қойды. Протоколдың тексті төменде жарияланады.

Келіссөздердің барысында Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы экономикалық, мәдени және ғылыми-техникалық ынталықты нығайтып, күшейтуге қатысты бар кейбір басқа мәселелер жөнінде де келісілді.

Мұның ішінде, қолданылып отырған сауда келісіміне қоса, 1953 жылы Совет Одағынан Герман Демократиялық Республикасына 590 миллион сомдық мөлшерде товарлар, оның ішінде азық-түлік товарларын, тас көмір, қара металдар пр-катын, мыс, қорғасын, алюминий, мақта және басқа товарлар беру туралы келісілді.

Совет Үкметі Герман Демократиялық Республикасына 485 миллион сом, оның ішінде еркін валютамен 135 миллион сом қарыз береді. Қарыз жылына 2 процент өсім есебімен беріледі және 1955 жылдан бастап екі жылдың ішінде өтеле-

Совет және герман халықтарының бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату мүддесі жолындағы достығы нығая берсін!

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ

1953 жылғы 22 августа Кремльде болған қонақасыда сөйлеген сөзі

Аса құрметті Премьер-Министр, аса құрметті Премьер-Министр Орынбасарлары, Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының мүшелері!

Сіздерге және сіздер арқылы герман халқына сәлем жолдауға және бейбітшілік, демократиялық Германияны құру жолында, сіздің Отанның ұлттық бірлігін қалпына келтіру жолында жеделі табыстарға жетулеріңізге тілек білдіруге рұқсат етініздер.

Біздер сіздермен бірге шын жүректен өзара ұғынысу және достық жағдайында Еуропадағы бейбітшілік ісі үшін, біздің халықтар арасындағы қатынастарды нығайту үшін үлкен маңызы бар мәселелерді талқыладық. Бұл талқылау көзқарастардың толық бірлігін білдіріп, маңызды қарарларға жеткізді.

Герман мәселесінің бейбітшілікпен шешілуін қамтамасыз етуді біздің шын ниетпен тілеуімізге, неміс халқына бейбіт даму жолына берік түсіп, өздерінің ұлттық арманын жүзеге асыру үшін көмектесуге сіздер мен біздер қолданып отырған жаңа адымдарға бүкіл дүние жүзі зор назар аударып отырғандығына біз сенеміз.

Көзірші уақытта Германия өз тарихының аса жауапты кезеңін бастан кешіруде.

Реакцияшыл халықаралық күштер көзірші Бонн үкметімен ауыз жаласып, Германияның біртұтас және тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруіне хауіп төндіретін саясатты табандылықпен жүзеге асыруда. Олар Германияның бөлшектелуін мәңгіге қалдыруды, Батыс Германияны мұхиттың арғы жағындағы монополистердің меншікті жеріне айналдыруды, өздерінің агрессияшыл жоспарларын жүзеге асыру үшін неміс милитаризмін қайтадан қалпына келтіруді көздейді.

Агрессорлардың қаскүнемдігі әрі герман халқына қарсы, әрі Еуропадағы бейбітшілік ісіне қарсы бағытталған. Сондықтан бейбітшілік халықтар герман мәселесін европалық, демек, халықаралық хауіпсіздік мәселесімен біртұтас етіп байланыстыратыны табиғи нәрсес. Бейбітшілік күштер жаңа саясатты болдырмау жолында қажырлылықпен күрес жүргізе отырып, Еуропаның барлық халықтарының нақты мүдделерін, оның ішінде герман халқының мүдделерін де жақтап отыр.

Герман халқының бұл күресте белгілі орын алуын, оның әділ сөзін айтуын өмір талап етеді.

Герман халқының алдында тарихи міндет — агрессиялық күштердің жоспарларын сәтсіздікке ұшырату, өзінің ұлттық бірлігін қалпына келтіру, Германияны бейбітшілік, демократиялық мемлекетке айналдыру міндеті тұр. Өйткені, бейбітшілікпен өркендеу ғана Германияны бірлікке, бостандыққа, тәуелсіздікке және ұлттық қайта көркеюге жеткізеді.

Көзір мәселе мынада болып отыр: Германия Еуропада бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайтудың аса маңызды факторының бірі бола алады, немесе жаңа агрессияның европалық басты ошағы болады.

немістерді бір-бірін өлтіруге, өзара қырқысуға айдап салып отыр.

Олар осы мақсат үшін Батыс Германияны Солтүстік атлантика блогінің агрессиялық саясатының құралына айналдырып отыр.

Олар осы мақсатты көздеп, «Бонн договорымен» Батыс Германияның қол-аяғын матады. Бұл договор герман халқы үшін Версаль договорынан аяғырлым ауыр және қорлық болып отыр. Жұртқа мәлім, Версаль договоры Германияны бөлшектенген болатын және Германияны 15 жыл мерзіммен ішінара оккупациялауды белгілеген болатын. Ал, Бонн договоры Германияны бөлшектен, Батыс Германияны бөтен мемлекетке бағынышты жер етіп, бүкіл Батыс Германияны 50 жыл бойы оккупациялауды көріне көздеп отыр.

Германиямен осы уақытқа дейін бітім договоры жасалмай отырғанына Аденәуэр үкметі жауап береді; ол герман мәселесін бейбітшілікпен реттеуді тілемеіді.

Бонн билеп-төстеушілері Германияны соғыс жолына итермелеп отыр. Олар немістерді батыс және шығыс Еуропаның халықтарына қарсы тағы да айдап салуда. Мұндай саясаттың герман халқы үшін елді ғитлерлік топтың саясаты ұшыратқандай зардапқа ұшырату хауіп бар. Адамзат бұл топтың басшыларын соғыс қылмыстылары деп айыптады. Ал, Аденәуэр мен оның тобы осылардың соқпағымен келе жатқан жоқ па?

Неміс аналары өз балаларына милитаристердің жаңа, бұрынғыдан анағұрлым масқара қырғын әзірлеп жатқанына үндемей отыра ала ма? Неміс жастары ландшафттердің ролін атқарып, американдық агрессияшыл топтарының соғыс машинасына өз қанын құюға келісім бере ме?

Милитаристердің Батыс Германияны бейбітшілік халықтардан оқшаулауына, халықтардың зор ашуын сөзсіз тудыратын, Батыс Германияны өрт пен қырғынға ұшырататын, герман халқы үшін зор қайғы болып бітетін агрессиялық соғысты бастауына адал ниетті неміс патриоттары жол бере ме?

Егер бүкіл неміс халқы герман мәселесінің бейбіт жолмен реттелуін тілейтін болса, онда бұл ізгі ниетті талаптың жүзеге асырылуына ешқандай агрессиялық күштер, мұқиттың арғы жағындағы күштер де, европалық күштер де кедергі жасай алмайды. Германияның тағдыры герман халқының өз қолында.

Неміс халқының ішінде елеулі алға басқандық болып жатқанын, Германияның байсалды саясатшылары соғыс жолын, милитаризмді қайта жаңаданғыру жолын қабылдамай отырғанын біз білеміз. Герман ұлтының таңдаулы күштері Германия үшін бейбітшіліктің саптанат өтуіне және біртұтас бейбітшілік демократиялық Германия құрылуына жетуге ұмтылуда.

Осы ізгі ниетті мақсатқа жетуде Герман Демократиялық Республикасы тарихи роль атқаруға тиіс. Бейбітшілік халықтар жаңа Германияның, бейбітшілік пен еңбек, демократия

та Битім конференциясы шақырылууга тиіс. Муньмен бирге, Битім договорун эзирлеудің барлык кезеңдерине, сол сыякты, Битім конференциясына Германия өкілдеринің қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Бейбітшілік және демократиялық негізде Германияның ұлттық бірлігін қалпына келтіру үшін, Шығыс Германия мен Батыс Германия арасында тікелей келісім жасау жолымен жалпыгерманиялық Уақытша Үкмет құрылуға тиіс. Бұл Үкметтің басты міндеті жалпыгерманиялық ерікті сайлауға эзірлік жасау және бұл сайлауды өткізу болады. Сайлаудың нәтижесінде неміс халқы біртұтас демократиялық бейбітшіл Германияның қоғамдық және мемлекеттік құрылысы туралы мәселені шет мемлекеттердің араласуысыз, өзі шешеді.

Германияның соғыс зардаптарына байланысты финанс-экономикалық міндеттемелерін жеңілдету туралы Совет Үкме-

Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясының өтіншіне байланысты мынадай келісім жасалды: бейбітшілік пен адамгершілікке қарсы ерекше ауыр қылмыстар істеген, өздерінің жаза мерзімін өтеуіне қалдырылатын адамдардан тыс, соғыс кезінде істеген қылмыстары үшін жазаға кесілген неміс соғыс тұтқындарын бұл жазаны оған әрі өтеуден босату үшін белгіленген тәртіппен тиісті шаралар қолданылады.

Герман халқының біртұтас, бейбітшіл, демократиялық Германия үшін жүресіндік тарап болып отырған Герман Демократиялық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы достық қатынасты нығайтуға және оған әрі дамытуға ұмтылып екі жақ ССРО-ның Берлиндегі Дипломатиялық Миссиясын және ГДР-дің Москвадағы Дипломатиялық Миссиясын Елшіліктерге айналдырып, қайта құру туралы және бір-біріне Елшілер тағайындау туралы келісті.

Германиядан соғыс шығындарын алуды тоқтату туралы және Герман Демократиялық Республикасының соғыс зардаптарына байланысты финанс-экономикалық міндеттемелерін жеңілдетудің басқа шаралары туралы

ПРОТОКОЛ

Германия өзінің ССРО, АҚШ, Англия және Франция алдындағы соғыс зардаптарына байланысты финанс-экономикалық міндеттемелерінің едәуір бөлегін кәзірдің өзінде орындағанын негізге алып,

және Германияның экономикалық жайын жеңілдету қажеттігімен есептесіп,

сол сыякты, Совет Үкметі өзінің 15 августтағы нотасында АҚШ, Англия және Франция үкметтеріне Германияның төрт мемлекет алдындағы соғыс зардаптарына байланысты финанс-экономикалық міндеттемелерін едәуір кемітуді ұсылғанын және жоғарыда көрсетілген батыс мемлекеттер үкметтерінің бұл ұсыныстарды қабылдауы бұл шаралардың бүкіл Германия жөнінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ететінін ескеріп,

сондай-ақ, АҚШ, Англия және Франция үкметтерінің бұл мәселе бойынша қабылдайтын қарарларының қандай болуына қарамастан, бұл ұсыныстарды Герман Демократиялық Республикасы жөнінде жүзеге асыру герман халқына экономика саласында ғана емес, муньмен бирге, бейбітшіл және демократиялық мемлекет ретінде Германияның бірлігін қалпына келтіруге және Германиямен бітім договорын жасасуға керекті жағдайлар туғызу ісінде де елеулі көмек көрсетеді деп танып,—

Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасының Үкметтері төмендегі шараларды талқылап, бұл шараларды жүзеге асыру туралы келісті.

I

Совет Үкметі Поляк Халық Республикасының Үкметімен келісуі бойынша (соғыс шығындарының төлеуінен оған тиетін үлес жөнінде) Герман Демократиялық Республикасынан товар алу түрінде, сол сыякты, қандай да болса басқа түрде соғыс шығындарын алуды 1954 жылғы 1 январьдан бастап толық тоқтатады.

Сөйтін, Герман Демократиялық Республикасы соғыс шығындарының 1954 жылғы 1 январьдан кейін қалатын сомасын төлеуден босатылады; бұл сома, Совет Үкметінің 1950 жылғы 15 майдағы Германияның Совет Одағына соғыс шығындары есебіне беретін товарларының көлемін азайту тура-

лы мәлідемесіне сәйкес, 1938 жылғы дүниежүзілік бағамен 2.537 миллион доллар болып есептеледі.

II

Совет Үкметі соғыс шығындарын төлеу ретінде ССРО-ның меншігіне көшкен, жалпы құны 2.700 миллион маркалық, Германиядағы 33 машина жасау, химия, металлургия және басқа кәсіпорындарын 1954 жылғы 1 январьдан бастап Герман Демократиялық Республикасының меншігіне тегін береді. Бұл кәсіпорындарды тапсыру үшін Совет-Герман аралас комиссиясы құрылды.

Муньмен бирге Совет Үкметі Герман Демократиялық Республикасы, 1952 жылғы Совет Үкметінің Германияда 66 совет өнеркәсіп орындарын ГДР Үкметіне беруге байланысты 430 миллион марка борышты төлеуден босатады.

III

Совет Үкметі Герман Демократиялық Республикасының территориясында совет әскерлерінің тұруына байланысты Герман демократиялық Республикасының шығындарының төлемін азайтады: бұл шығындардың сомасы жылына Герман Демократиялық Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің 5 процентінен аспайтын, қайткенде де 1949 жылғы оккупациялық шығындардың сомасынан аспайтын болады.

Бұған сәйкес Герман Демократиялық Республикасының Германиядағы совет әскерлерінің қажетіне беретін шығындары, 1953 жылғы 1.950 миллион марка және 1949 жылғы 2.182 миллион марка орнына, 1954 жылғы 1.600 миллион марка болады.

IV

Совет Үкметі өзінің Герман Демократиялық Республикасының 1945 жылдан кейінгі сыртқы оккупациялық шығындардың борышын төлеуден толық босататынын мәлімдейді.

Бұған байланысты Совет Үкметі Германияның Совет Одағына соғыстан кейінгі мемлекеттік борыштарды төлеуден босатылатынын да мәлімдейді.

1953 жылғы 22 августа Москвада, әрбір данасы орыс және неміс тілдерінде, екі дана етіп жасалды, екі текстің екеуінің де күші бірдей.

Герман Демократиялық Республикасы Үкметінің тапсыруы бойынша
О. ГРОТЕВОЛЬ.

таңдап алатын ниеті бар?

Ол қандай жолмен алға баспақшы: бейбітшілік жолымен бе, немесе соғыс жолымен бе, ұлттық бірлік жолымен бе, немесе Германияны бөлшектеу жолымен бе?

Халықтар өзінің тарихи тәжірибесінен сабақ алмай отыра алмайды. Муньмен, өмірдің қатал мектебін басынан кешірген герман халқына да бүтіндей қатысы бар. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Германияның бүкіл дамуынан неміс халқының алатын басты сабағы қандай?

Бұл сабақ мынадай: милитаризм, агрессия, соғыс жолы Германия үшін ұлттық өзі-өзі өлтіруі деген сөз.

Егер 1900 жылдан 1945 жылға дейінгі дәуірді алатын болсақ, онда Германия 45 жылдан, кем дегенде, 20 жылды дүниежүзілік екі соғысқа күшті эзірленуге және он жылдан аса уақытты осы соғыстарды тікелей жүргізуге жұмсағанын көреміз.

Демек, соғыс жарты ғасыр бойы Германияның бүкіл тұрмысының негізгі мазмұны болды деп айтуға болады.

Муньмен нәтижесі қандай? 1918 жылғы ұлттық апаттан кейін 1945 жылғы бұдан екінші зор ұлттық апат болды.

Милитаристер өздерінің соғыс жоспарларын герман халқына таңғаны үшін 8 миллион дерлік немістер өз өмірін құрбан етті. Ал, мүгедек болып, жаралыларға келетін болсақ, олардың саны жоқ. Германияның мүгедектер одағының неміс баспасөзінде келтірілген мәліметтері мынаны көрсетеді: 1924 жылы туған әрбір 100 немістен 25 адам өлген немесе хабар-шарсыз кеткен, 31 адам ауыр жараланған, 5 адам жазақаттанған, 2 адам жұмыс істеу қабілетінен айырылған. Неміс жастарының ұрпақтары қырғын соғыста бірінен-соң бірі қырғынға ұшырап, мүгедек болып қалды.

Сонымен, герман милитаризмі европалық елдердің бейбітшілігі мен хауіпсіздігін бұза отырып, неміс ұлтының көрін қазушы болғандығын тарих айқын көрсетеді.

Ал, солай бола тұрса да агрессорлар Германияны соғыс авантюраларының ескі жолына түсіруге тағы да тырысуда.

Аденәуэр тобының шын мақсатын ешқандай тор бүркей алмайды. Бұл топ Батыс Германиядағы милитаризм мен көк құмарлықтың штабы болып, Германияны жаңа соғысқа итермелеуде. Герман милитаристері осы қылмысты мақсат үшін Германияның бөлшектелуін она әрі күшейтіп, не-

мен прогресшіл Германияның құрылымын Герман демократиялық Республикасынан өділ көріп отыр.

Герман Демократиялық Республикасы бүкіл Германияның бейбітшіл күштерінің тірегі болып отырғандықтан да Совет Одағы оған жан-жақты көмек көрсетіп, жәрдемдесуді өзінің борышы деп санады.

Герман халқының алдында өз тарихында жаңа дәуір жасау, Германияны бейбітшілікпен өркендету және көркейту дәуірін жасау мүмкіндігі ашылып отыр. Германияның таңдаулы ойшылары дәл осындай болашаққа ұмтылып келді. Уақыт келе көркем еркін өлжесін, өзінің еркін халқын күші тасыған тамаша жағдайда көруді арман етті.

Герман халқының алдында Совет Одағы мен Францияның, Чехословакия мен Польшаның, Англия мен Бельгияның халықтарымен бейбітшілікте өмір сүруінің, барлық халықтармен бейбітшілікте өмір сүруінің нақты болашағы ашылып отыр.

Немістердің ойы мен еңбегінің көптеген табыстарын милитаристер ұзақ уақыт бойы соғыс ісіне де пайдаланып келді. Неміс халқы бейбітшілікпен даму жағдайында жоғары өркендеген өнеркәсіптің құзғын, ғылым мен техниканың барлық табыстарын, өзінің бүкіл творчестволық күштері мен қабілетін халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға, елді алға бастыруға жұмсайды. Германия бейбітшіл мемлекеттермен экономикалық тығыз байланыстар жасасуға, қажетті рыноктар алуға, Шығыс Еуропаның елдерімен және басқа мемлекеттермен дәстүрлі сауда қатынастарын қалпына келтіруге мүмкіндік ала алады. Тек осы жолмен ғана Германия ұлы мемлекет ретінде қалпына келіп, дүние жүзі халықтарының арасында тиісті орын алады.

Герман халқы үшін осындай мүмкіндікті қамтамасыз ететін, оның ұлттық бірлігін қалпына келтіруге демократиялық бейбітшіл Германия құруға жол ашатын уақыт жетті.

Совет Одағы герман халқының бейбітшіл күштерінің өділетті ісінің неғұрлым тез салтанат құруын бұдан былай да қажырлылықпен қолдайды.

Мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мүдделерін көздеген совет және герман халықтарының достығы үшін тост көтеремін, Герман Демократиялық Республикасының Үкметі үшін және Премьер-Министр Отто Гротевольдің денсаулығы үшін тост көтеремін.

Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының құрметіне Г. М. МАЛЕНКОВТЫҢ ҚОНАҚАСЫ БЕРУІ

22 августа ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков Кремльде Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының құрметіне қонақасы берді.

Қонақасына неміс жағынан қатысқандар: Премьер-Министр О. Гротеволь, Премьер-Министрдің Орынбасары Вальтер Ульбрихт, Премьер-Министрдің Орынбасары О. Нушке, Премьер-Министрдің Орынбасары және Құрылыс министрі Л. Больц, Премьер-Министрдің Орынбасары және Финанс министрі Г. Лох, Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Г. Рейхельт, Сыртқы және ішкі герман саудасы министрі К. Грегор, Металлургия және кен-руда өнеркәсібі министрі Ф. Зельбманн, Машина құрылысы министрі Г. Циллер, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының председателі Б. Лейшпер, ГДР-дің Москвадағы Дипломатиялық Миссиясының Басшысы Р. Аппельт, еркін неміс кәсіподақтары Бірлестігінің Председателі Г. Варнье, демократиялық Германияның Ұлттық Майданы Ұлттық Советінің Председателі Э. Коррене, еркін неміс жастары Одағының Орталық Советінің Председателі Э. Хонекер, Германияның демократияшыл өйелдері Одағының Өкілі И. Тиле, ГДР Сыртқы Істер Министрлігінің қызметкері П. Флорин, делегацияның секретары Л. Эйзерманн, ГДР Сыртқы Істер Министрлігінің Протокол Бөлімінің Бастығы Ф. Тун.

Қонақасыға совет жағынан қатысқандар: Б. Е. Ворошилов, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. А. Булганин, Л. М.

Баганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, Н. М. Шверник, М. А. Сулов, П. Я. Пономаренко, П. Н. Постелов, Н. Н. Шаталин, А. М. Пузанов, П. Ф. Тевосян, С. Н. Круглов, А. Г. Зверев, А. Н. Босыгин, С. М. Тихомиров, М. А. Яснов, Совет Одағының Маршалы В. Д. Соколовский, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громыко, ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрінің Орынбасары И. Г. Кабанов, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары елші В. С. Семенов, БЛКЖО Орталық Комитетінің Секретары А. Н. Шелешин, ССРО Ғылым академиясының Президенті А. Н. Несмеянов, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі З. А. Лебедева, Авиация Маршалы П. Ф. Житарев, Артиллерия Маршалы М. И. Неделин, Адмирал Н. Е. Басистый, жазушы А. А. Сурьов, академик А. И. Опарин, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Коллегия мүшесі Г. М. Пушкин, ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрлігінің ГДР-дегі Өкілі И. Ф. Семячистнов, ССРО-ның жауапты жетекшісі Н. Г. Пальгунов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Протокол Бөлімі Меңгерушісінің міндетін атқарушы В. В. Пастов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Үшінші Европалық Бөлімі Меңгерушісінің Орынбасары М. Г. Грибанов.

Қонақасы тым сенімді, достық жағдайда өтті. Г. М. Маленков және О. Гротеволь сөз сөйледі.

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкметінің тапсыруы бойынша
В. МОЛОТОВ.

ры және ССРО Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Л. М. Каганович, ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрі А. И. Микоян, ССРО Министрлер Советінің Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі М. З. Сабуров, РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. Ш. Тарасов, РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузанов, ССРО Министрлері М. Г. Шервухин, Н. Ф. Тевосян, С. Н. Круглов, Ш. А. Юдин, К. П. Горшенин, Н. А. Дытай, Г. М. Орлов, Д. Ф. Устинов, З. А. Шашков, А. Ф. Третьяков, ЕБОО-тың Председателі Ш. М. Шверник, Совет Одағының Маршалдары В. Д. Соколовский, С. М. Буденный, РСФСР Оқу Министрі И. А. Баиров, ССРО Министрлерінің Орынбасарлары А. А. Громыко, И. Г. Кабанов, С. В. Кафтанов, И. Г. Болышаков, И. Д. Тоциридзе, С. А. Борисов, В. Н. Столетов, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. М. Пегов, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары Елші В. С. Семенов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Коллегия мүшесі Г. М. Пушкин, ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрлігінің ГДР-дегі Өкілі И. Ф. Семичаство, Москва Советінің Председателі М. А. Янов, Авиация Маршалы Н. Ф. Жигарев, Генерал-полковник Ф. Ф. Кузнецов, Генерал-лейтенанттар Л. И. Брежнев, С. С. Шатилов, К. Р. Синилов,

Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының Москвада болуы жайында

22 августа Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының мүшелері ССРО-ның бірқатар министрліктері мен қоғамдық ұйымдарының басшыларында болып, олармен әңгімелесті.

ССРО Министрлер Советінің Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі М. З. Сабуров Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председателі Б. Лейшнерді қабылдап, онымен әңгімелесті.

Металлургия өнеркәсібінің министрі Н. Ф. Тевосян Металлургия және кен-руда өнеркәсібінің министрі Ф. Зельманнды қабылдады, Құрылыс министрі Н. А. Дытай ГДР Премьер-Министрінің Орынбасары және Құрылыс Министрі доктор Л. Болышпен әңгімелесті, ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрі А. И. Козлов Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы Министрі Г. Рейхельтті қабылдады, Мемлекеттік банктің Председателі В. Ф. Лопов Премьер-Министрдің Орынбасары және Финанс министрі доктор Г. Лохты қабылдады.

ЕБОО-тың Председателі Н. М. Шверник үркіті неміс кәсіподақтары Бірлестігінің

Герман Демократиялық Республикасы Үкмет делегациясының Москвадан жүріп кетуі

Герман Демократиялық Республикасының Премьер-Министрі Отто Гротеволь бастаған Герман Демократиялық Республикасының Үкмет делегациясы 23 августа Москвадан жүріп кетті. О. Гротевольмен бірге Премьер-Министрдің Орынбасары Вальтер Ульбрихт, Премьер-Министрдің Орынбасары Отто Нушке, Премьер-Министрдің Орынбасары және Құрылыс Министрі доктор Лотар Болыц, Премьер-Министрдің Орынбасары және Финанс Министрі доктор Ганс Лох, Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы министрі Ганс Рейхельт, Сыртқы және ішкі герман саудасы министрі Курт Грегор, Металлургия және кен-руда Министрі Фриц Зельманн, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председателі Бруно Лейшнер, еркін неміс кәсіподақтары Бірлестігінің Председателі Герберт Варнке, демократиялық Германияның Ұлттық Майданы Ұлттық Советінің Председателі профессор Э. Корренс, еркін неміс жастары Одағы Орталық Советінің Председателі Эрих Хонекер, Германияның демократияшыл әйелдері Одағының Өкілі Ильяз Тиле, ГДР Сыртқы Істер Министрлігінің қызметкері Петер Флорин жүріп кетті.

Жүретіндерді Орталық аэродромда ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов, ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрі А. И. Микоян, ССРО Министрлер Советінің Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі М. З. Сабуров, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары А. А. Громыко, ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрінің Орынбасары И. Г. Кабанов, ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы Комиссары Елші В. С. Семенов, Москва Советінің Председателі М. А. Янов, Москва қаласының коменданты генерал-лейтенант К. Р. Синилов, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Коллегия мүшесі Үшінші Европалық Бөлімнің Менгерушісі Г. М. Пушкин, ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрлігінің ГДР-дегі Өкілі И. Ф. Семичаство, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Протокол Бөлімі Менгерушісінің міндетін атқарушы В. В. Пастов, сол сыяқты, ССРО Сыртқы Істер Министрлігі мен ССРО Сыртқы және Ішкі Сауда Министрлігінің басқа да жауапты қызметкерлері шығарып салды.

Председателі Г. Варнкеді қабылдап, онымен әңгімелесті.

БЛЕЖО Орталық Комитетінің Секретары А. Н. Шелепин еркіті неміс жастары Одағының Орталық Советінің Председателі Э. Хонекермен, совет әйелдерінің Антифашистік Комитетінің Председателі Н. В. Попова Германияның Демократияшыл әйелдері Одағының Өкілі И. Тилемен кездесті.

ГДР Премьер-Министрінің Орынбасары профессор О. Нушке митрополит Николай Крутицкий және Коломенскийде болды. Әңгімелер достық жағдайда өтті.

Сол сыяқты, жүретіндерді Герман Демократиялық Республикасы Дипломатиялық Миссиясының Басшысы Р. Апельт Дипломатиялық Миссияның басқа да мүшелерімен бірге, Венгер Халық Республикасының Төтенше және Полномочилі Елшісі А. Складан, Корея Халық Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочилі Елшісі Лим Хэ, Вьетнам Демократиялық Республикасының Төтенше және Полномочилі Елшісі Нгуэн Лонг Банг, Қытай Халық Республикасының Уақытша Елшісі Гэ Бао-цюань, Болгар Халық Республикасының Уақытша Елшісі В. Велков, Поляк Халық Республикасының Уақытша Елшісі А. Малэцкий, Чехословак Республикасының Уақытша Елшісі Д. Ечны, Монгол Халық Республикасының Уақытша Елшісі Н. Лувсанчүлтэм, Албания Халық Республикасының Уақытша Елшісі У. Люле шығарып салды.

Шығарып салу кезінде құрметті қараулы қойылып, Герман Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік гимндері орындалды.

Аэродром Герман Демократиялық Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік жалауларымен безендірілді. (СОТА).

Міне, мұның барлығына қарағанда Совет ауданында мал қораларын жөндеу және жаңадан салу жұмысымен аудандық Совет атқомітесінің шұғылданып жатқан сыяқты. Алғашқы бетте, колхоздардағы жағдайды білмей тұрып, шынында да осылай деп ойлап қаласыз.

Бірақ, ауданда істің нәтижесі алынған қаулылармен белгіленген шараларға, берілген нұсқауларға мүлдем сай емес. Бұған ауданда былай салынуға тиісті 43 қорадан салынып, қатарға қосылғаны саусақпен санағандай ғана болып отырғандығы толық дәлел.

Аудандық Советтің жоғарыда аталған сессиясында да, атқом мәжілістерінде де «Аралаған» колхозында мал қораларын жөндеудің және жаңадан қоралар салудың қарқыны баяу екендігі жөнінде көп сөз болды, бұл колхоз басшыларының істегі кемшіліктері көрсетіліп, ол кемшіліктерді жоюдың амалдары көрсетілген болды. Алайда, колхоз председатели Рамазанов және колхоз партия ұйымының секретары Естаев жолдастар бұдан тиісті қорытынды шығармады, мал қораларын

Бұған МТС басшылары кінәлі

Шөптің тез және сапалы шабылуы машиналардың өнімді жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Осыны ескере отырып, Калинин МТС-нің (директоры Елкин жолдае) тракторға тіркелетін және өздігінен жүретін кеңалымды шөп машиналарының өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті еді. Амал не, олар бұған жеткілікті мән бермеді.

МТС-тің колхоздардағы шөп машиналарының жұмыс істеуі өте қанағаттанғысыз. Өйткені, МТС шөп машиналарын техникалық жағынан дұрыс қамтамасыз етпейді, жұмыс үстінде бұзылған машиналар мезгілімен жөнделмейді. Бұған осы МТС-тің қамтуындағы «Победа» колхозындағы жағдайды айтсақ та жеткілікті. Мұнда 3 кеңалымды шөп машинасымен пішен шабылады. Алайда, бұл машиналардың жұмыс істеуі көңілдегідей болмай келеді.

МТС-нің көмегі керек

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхозда жемшөп дайындауды жоспары орындалған жоқ: Соған қарамастан бұл колхозда шөп шабудың қарқыны мүлдем бәсеңдеп кетті. Кеңалымды шөп машинасының жұмысқа қосылмағанына 10 күн болды. Алайда, бұған колхоз председатели Айсанов жолдас қынажылар емес.

Кеңалымды шөп машинасын сүйрейдің «СХТЗ» тракторының кейбір бөлшектері-
КҮН САЙЫН 23 ГЕКТАР
Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозының егін даласында Совет МТС-нің комбайншысы Ж. Ахметов жолдас өнімді еңбек етуде. Ол комбайнның тәулігіне 20 сәгат тоқтаусыз жұмыс істеуін

Аудандық партия комитетіндегілер мен аудандық Совет атқоміндегілер ауданда мал қораларын дайындау мәселесі жөнінде сөз бола қалса, Ленин атындағы, «Көктерек» және «Совет» колхоздарын бетке ұстайды.

—Бұларда қоғамдық мал қорамең толық қамтамасыз етіледі, —деседі олар.

Аудан басшыларының бұл мәлімдемесіне қарсылығымыз жоқ. Өйткені, Ленин атындағы колхозда барлық өсімді мал қоралары жөндеді. 150 қара малдық араштан қызылшып салынатын стандартты мал қорасының құрылысы аяқталуға жуық.

Аудандық ұйымдар мал қораларын жөндеудегі және жаңадан мал қораларын салудағы осындай озат шаруашылықтарға барлық ауылшаруашылық артельдерінің теңелуін қамтамасыз етпей келеді. Олардың мұндай шаруашылықтардың үлгілі ісін барлық шаруашылықтар үшін өнеге етумен шаруасы шамалы. Ауданда мал қораларын дайындаудың барысы қанағаттанғысыз болып отырғандығының негізгі бір себебі осы.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

де жылқышылар Т. Байбурын, Е. Қонышев және Н. Балгин жолдастар мал өсірудің озаттары қатарына қосылды.

Олар жылқыларды қысы-жазы бірдей жақсы жайылымдарда бағып, бұл істе малдәрігерлік-зоотехникалық ережелерді мұқият қолдана біледі. Мұның өзі фермада төл алу маусымының ойдағыдай ұйымдастырылуына, мал шығымының болмауына мүмкіндік туғызуда. Быыл колхозда 40 биеден 38 құлын алынып, шығынсыз өсірілді.

В. ЛИЧМАН,
Соколов аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің зоотехнигі.

Шөп қоралар жанына тасылуда

«Пламя революции» колхозының (Полудень ауданы) мүшелері қоғамдық малды қысты күні мезгілінде және дұрыс азықтандыру үшін шабылған шөпті осы күнінен мал қоралары жанына тасып алуға ұйғарып отыр. Колхозшылар қыстаулары жанына шөп тасуды ерте қолға алды. Бұл жұмысқа бір автомашина және 20 арба бөлінген еді. Олармен күн сайын фермалар жанына 500—550 центнер шөп тасылды. Шөп тасушылар еменалық тапсырманы мінсіз орындап отырады. Олар соңғы бір бескүндікте мал қыстайтын орындарға 2220 центнер шөп тасып үйді.

Шөп тасуда колхозшылар жақсы нәтижелерге жетіп жүр. Колхозшылар Ф. Жарков, А. Жукова, О. Слуцкая, П. Корпенко, А. Ляхова жолдастардың әрқайсысы күн сайын 16 центнер орнына 25—27 центнерден шөп тасыйды.

Колхозшылардың өнімді еңбек етуі мал қыстайтын орындарға шөптің тез және көп тасылуына мүмкіндік беруде. Кәзір фермалар жанына 10 мың центнерден астам мал азығы тасылып үйілді. Колхоз мал қыстату науқаны басталғанға дейін дайындалған жемшөпті түгел мал қоралары жанына тасып алмақ.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА
«ДУНАЙДЫҢ АР ЖАҒЫНДАҒЫ
«ЗАПОРОЖЕЦ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ҮШ ЖОЛДАС»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.